

Астана қаласында индустриялық аймақ құру және дамыту жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2006 жылғы 20 маусымдағы N 168-ө
Өкімі

Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 1 наурыздағы "Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясы" атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру мақсатында:

1. Қоса беріліп отырған Астана қаласында индустриялық аймақ құру және 2 дамыту жөніндегі іс-шаралар жоспары (бұдан әрі - Жоспар) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органдары, Астана қаласының әкімі және "Қазына" орнықты даму қоры" акционерлік қоғамы Жоспардың тиісінше және уақтылы орындалуын қамтамасыз етсін.

3. Астана қаласының әкімі тоқсан сайын, есептіден кейінгі айдың 20-күнінен кешіктірмей Қазақстан Республикасының Үкіметіне Жоспар іс-шараларының орындалу барысы туралы жиынтық ақпарат берсін.

Премьер-Министр

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
2006 жылғы 20 маусымдағы
N 168-ө өкімімен

бекітілген

Астана қаласында индустриялық аймақ құру және дамыту жөніндегі іс-шаралар жоспары

Р/с N	Іс-шара	Аяқталу нысаны	Жауапты орындаушылар	Орындау мерзімі
1. Индустриялық аймақ құру мен дамытудың ұйымдық мәселелері				
1.	Индустриялық аймақтың аумағында АЭА құру мәселесін пысықтау, оның ішінде оған индустриялық аймақ аумағын қоса отырып, "Астана-жаңа қала" АЭА-ны кеңейту нұсқасын қарастыру	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар	Астана қаласының әкімдігі (жинақтау), ИСМ, ЭБЖМ	2006 жылғы қыркүйек
2.	Индустриялық аймақтың дирекциясын құру	Астана қаласы әкімінің шешімі	Астана қаласының әкімі	2006 жылғы шілде
3.				

	Индустриялық аймақтың аумағында жер учаскелерін беру, объектілерді инженерлік желілер мен коммуникацияларға қосу, инвесторлар үшін жобалау және құрылыс жұмыстарына арналған рұқсат ету құжаттарын алу және т.б. жөніндегі рәсімдерді оңайлату ("жалғыз терезе" қағидатын енгізу) мәселелерін пысықтау	Қазақстан Республикасының Үкіметіне есеп	Астана қаласының әкімдігі (жинақтау), ИСМ	2006 жылғы тамыз
4.	Индустриялық аймақтың аумағында жер салығының базалық ставкасын азайту мәселесін пысықтау	Мәслихат шешімі	Астана қаласының әкімдігі	2006 жылғы желтоқсан
5.	ИСМ, Астана қаласының әкімдігі және "Higher Corporation for Specialized Economic Zones" компаниясының (Біріккен Араб Әмірліктері) арасында индустриялық аймақ құру жөніндегі ынтымақтастық туралы үш жақты меморандумды бірлесіп әзірлеу және оған қол қою	Ынтымақтастық туралы меморандум	Астана қаласының әкімдігі (жинақтау), ИСМ	2006 жылғы желтоқсан
6.	Шетелде индустриялық аймақтардың (парктердің) ұйымдастырылуы мен жұмыс істеуі туралы ақпарат жинау	ИСМ-ге және Астана қаласының әкімдігіне ақпарат	С I М (жинақтау), "Қазына" АҚ	2006 жылғы қыркүйек
7.	Кейіннен республикалық бюджет комиссиясының қарауына енгізе отырып, 2007 жылы индустриялық аймақ құрылысының 1-к е з ең і н қаржыландыруға арналған бюджеттік өтінімді дайындау	Қазақстан Республикасының Үкіметіне есеп	И С М (жинақтау), Астана қаласының әкімдігі	2006 жылғы маусым-шілде
8.	Мыналардың есебінен индустриялық аймақтың кейінгі кезеңдерінің құрылысын бюджеттен тыс қаржыландыру мәселелерін пысықтау: 1) инфрақұрылымдық облигациялар мен басқа да қаржы құралдары; 2) концессиялар құру; 3) инвестор тарту; 4) жер учаскелерін инвесторларға жалға беруден немесе сатудан түскен қаражатты қайта инвестициялау, сондай-ақ индустриялық аймақтың инженерлік желілеріне қосудан түскен қаражат нұсқасы ретінде	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	Астана қаласының әкімдігі (жинақтау), ИСМ, ЭБЖМ, "Қазына" АҚ	2006 жылғы желтоқсан
9.				

	Астана қаласында және оған жақын орналасқан өңірлерде құрылыс материалдары нарығының көлемі мен әлеуеті бойынша маркетингтік зерттеу жүргізу оның ішінде: нарық сыйымдылығы; соңғы 5-10 жыл ішіндегі өсу қарқыны; 5-10 жылға арналған болжам; индустриялық аймақтың дамуы мен жұмыс істеуі үшін күшті және әлсіз жақтарын, мүмкіндіктер мен қатерлерді талдау	Қазақстан Республикасының Үкіметіне есеп	И С М (жинақтау), Астана қаласының әкімдігі	2007 жылғы 2-тоқсан
10.	Инфрақұрылым объектілерінің құрылысына жеке инвестициялар тарту мүмкін болмаған жағдайда кейіннен республикалық бюджет комиссиясының қарауына енгізе отырып, индустриялық аймақты кезең-кезеңмен салуға арналған бюджеттік өтінімді дайындау	Қазақстан Республикасының Үкіметіне есеп	И С М (жинақтау), Астана қаласының әкімдігі	2007 жылғы қаңтар-ақпан
2. Индустриялық аймақ инфрақұрылымының құрылысы				
11.	Жергілікті бюджет қаражаты есебінен индустриялық аймақ инфрақұрылымы құрылысының ТЭН-ін әзірлеу	Мемсараптама қорытындысымен бірге жобаның ТЭН-і	Астана қаласының әкімдігі	2006 жылғы маусым
12.	2006 жылға арналып көзделген республикалық бюджет қаражаты есебінен индустриялық аймақтың (1-кезең) инфрақұрылымы құрылысының ЖСҚ-сын әзірлеу	Мемсараптама қорытындысымен бірге жұмыс жобасы	Астана қаласының әкімдігі (жинақтау), ИСМ	2006 жылғы тамыз
13.	2006 жылға арналып көзделген республикалық бюджет қаражаты есебінен индустриялық аймақтың бүкіл аумағының инфрақұрылымы құрылысының ЖСҚ-сын әзірлеу	Мемсараптама қорытындысымен бірге жұмыс жобасы	Астана қаласының әкімдігі (жинақтау), ИСМ	2006 жылғы желтоқсан
14.	2006 жылға арналып көзделген республикалық бюджет қаражаты есебінен индустриялық аймақтың инженерлік желілері мен коммуникацияларының құрылысын бастау	Қазақстан Республикасының Үкіметіне және ИСМ-ге есеп	Астана қаласының әкімдігі (жинақтау), ИСМ	2006 жылғы 2-жарты-жылдық
3. Индустриялық аймақтың қызметін ақпараттық қамтамасыз ету				
15.	Индустриялық аймақтың қызметін ақпараттық-тұсаукесерлік қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлеу	ИСМ және Астана қаласы әкімдігі-	Астана қаласының әкімдігі	2006 жылғы шілде

		нің бірлескен бұйрығы	(жинақтау), ИСМ, "Қазына" АҚ	
16.	Индустриялық аймақтың инвестициялық мүмкіндіктерінің тұсаукесерін Ресейде, Германияда, Италияда ұйымдастыру	Қазақстан Республикасының Үкіметіне есеп	И С М (жинақтау), СІМ, Астана қаласының әкімдігі, "Қазына" АҚ	2006 жылғы шілде-желтоқсан

Ескертпе. Абревиатуралардың толық жазылуы:

СІМ - Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі

ИСМ - Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі

ЭБЖМ - Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі

"Қазына" АҚ - "Қазына" орнықты даму қоры" акционерлік қоғамы

ЖСҚ - жобалау-сметалық құжаттама

АЭА - арнайы экономикалық аймақ

ТЭН - техникалық-экономикалық негіздеме

Индустриялық аймақ - "Астана қаласындағы құрылыс материалдары" индустриялық аймағы